

Құрлық чемпионына құрмет көрсетті
2-бет



Қауіпсіздік талаптары қатаң сақталады
5-бет



Сұңқар Сәкен жырларынан нәр алып...
8-бет



ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

Қ А Р А Ф А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ф А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т І

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/

БЕЙСЕНБІ, 17 ҚАЗАН, 2024 ЖЫЛ №117 (23 439)

www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

Рекордтық түсім: Қарағанды қамбасы – миллионер



Президент тапсырмасын орындай отырып...

Жақында ғана Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаровты қабылдап, агроөнеркәсіп кешенінің одан әрі дамыту және азықтүлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша бірқатар тапсырма берген болатын. Ал, бұл жылы Қарағанды облысында егін ору жұмыстары жоспарға сәйкес табысты жүргізілді. Жалпы, облыс бойынша 909,3 мың гектар алқаптан, орташа түсімі гектарына 15 центнерден 1,3 млн. тоннадан астам астық жиналды. Бұл – өңірміздегі өте жоғары көрсеткіш. Тольғырақ өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпараттық алаңында кеңінен мәлім болды.



Коллаж жасаған Ш. Адамбеков

Ерканат КЕЧЕСБЕКҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Президент тапсырмасы бойынша биыл Үкімет көктемгі егіс және астық жинау науқанын оңтайлы жүргізу үшін қажетті жағдайдың барлығын жасады. Саланы жеңілдікпен қаржыландыру көлемі бірінші рет 3 еседен астам ұлғайтылып, рекордтық көрсеткішке, яғни, 580 млрд теңгеге жеткізілді. Бұл қаражат дикандарды тікелей несиелендіруге, пайыздық мөлшерлемені төмендетуге және форвардтық сатып алуға жұмсалды. Сыйақы мөлшерлемесін төмендету «Бәйтерек» холдингі коммерциялық қаражатты тарту сатысында жүргізілді. Келесі жылы қайта өңдеу кәсіпорындарын қаржыландыру кезінде осындай тетік іске қосылады. Жалпы,

агробизнеске мемлекет тарапынан тұқым мен тыңайтқыш сатып алудан бастап, экспорттық қолдауға дейінгі барлық кезеңде

жан-жақты көмек көрсетіледі. – Биыл егіс науқанына екі есе көп қаражат бөлінді. Алайда, агроөнеркәсіпке

бөлінетін бүкіл ақшаның 70 пайызы – мемлекет қаржысы.

► 3-бет

• ТЕСТІЛЕУ

Қазтестті электронды тапсыруға болады

Ұлттық тестілеу орталығы қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалаудың тиімділігі мен ашықтығын арттыруға бағытталған Қазтест тестілеуін өткізудің жаңа қағидалары бекітілгенін хабарлады.

Аялым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Алдағы уақытта Қазтест тестілеуін қағаз және электронды форматта тапсыруға болады. Диагностикалық тестілеудің ұзақтығы 1 сағат 10 минут, сертификаттық тестілеу үшін 2 сағат 7 минут беріледі. Тест «Тыңдалым» бөлігі бойынша 20 тапсырмадан, «Оқылым» бөлігі бойынша 40 тапсырмадан тұрады. Ал, «Жазылым» бөлігінде (тек сертификаттық тестілеу үшін) бойынша 2 жазбаша тапсырма және «Айтылым» бөлігі (тек сертификаттық тестілеу үшін) бойынша 2 ауызша тапсырма бар.

Белгілі бір деңгейдегі сертификат алу үшін әр тест блогынан шекті балл жинау керек. Шекті балл дұрыс жауаптардың 30%-дан 80% аралығын құрайды. Бұл ретте «Жазылым» және «Айтылым» бөліктерінің максималды балы – 50.

• ҚҰҚЫҚ

Сот жүйесі жаңарады

2025 жылы Қазақстанда жаңа кассациялық соттар жұмыс істей бастайды. Мәжіліс сот жүйесін реформалау және процесстік заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша заң жобасын екінші оқылымда қабылдады.

Аялым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Осы орайда қылмыстық-процестік кодекске (ҚПК), Азаматтық процесстік кодекске (АПК), Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекске (ӘРПК) және басқа да заңдарға түзетулер енгізіледі.

Заңда азаматтық және қылмыстық істерді кассациялық сатыда алдын ала қарауды алып тастау ұсынылған. Алдағы уақытта азаматтар сот актілерін қайта қарау туралы арыз емес, кассациялық шағым түсіретін болады. Сот ісін жүргізудің барлық түріне кассациялық қадағалаудың бірыңғай ережелері енгізіледі. Енді әкімшілік істер бойынша сот актілері апелляциялық шағым жасалғаннан кейін заңды күшіне енеді.



2025 жылдың 1 шілдесінен бастап тәуелсіз кассациялық соттардың құрылуына байланысты Жоғарғы Соттың рөлі өзгереді. Ол сот практикасының біркелкілігін қамтамасыз етуге бағдарланады. Сот төрелігін тек жергілікті және кассациялық соттар жүзеге асырады.

Онлайн ойын опық жегізбесін

Жақында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Балаларға қатысты кез келген қайғылы жағдай менің жанымға батады. Мемлекеттік органдардың назарын дереу осындай жағдайларға аударып, тиісті тапсырмалар беріп, орындалуын тұрақты бақылауда ұстаймын. Сөз жоқ, заманауи технологиялар дамуға даңғыл жол ашды, сондай-ақ, өмірімізге айтарлықтай қауіп төндірді», – деген болатын.

Жасөспірімдер арасында өзіне-өзі қол салу фактісі жиілеп кетті. Интернетте балаларды суицидке итермелейтін 43 топ анықталды. Ата-аналар балаларды компьютерлік ойынмен баурап, өлімге итермелейтін топтар әлі де көп екенін айтуда. Бұған ресми органдар не дейді? Қоғам қауіпті ойындардан қалай сақтанғаны дұрыс?

Аялым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қатаң қадағалау қажет

– Ата-аналар балаларының тәрбиесін мемлекетке немесе мектепке ысыра салмауы керек. Гаджеттердің құрауында қалдыруға тиіпті болмайды. Балаларына цифрлық гигиенаның қарапайым ережелерін үйретуге ата-ана жауапты. Ұл-қыздарымызға көңіл бөлу, бірге уақыт өткізу, оларды алаңдатқан мәселелер жайында әңгімелесу маңызды. Баланың смартфон немесе компьютер пайдаланған кезінде не істеп жатқанын қатаң қадағалау қажет, – деп атап өтті Президент.

Алайда, ата-аналар балалардың ұялы телефонын қадағалауды назардан тыс қылдыруда. Жақында оқыс оқиғаға тап болған баланың анасынан WhatsApp мессенджерінде түрлі ойындардың қауіптілігі жөнінде айтқан хабарлама тарайды. Хабарламада белгісіз әйел дауысы оқушылардың өзіне-өзі қол жұмсайтынын айтады. Балалары ойнайтын SchoolBoy Runaway (мектеп оқушысының қашуы) ойынын тексеруге кеңес береді. Хабарламада ойын балалар арасында дау тудырып, суицидке баруға мәжбүрлейтіні де айтылған. Белгісіз әйел аудио жазбада ата-аналардан балаларымен сөйлесуді және ойынды гаджеттерден дереу жоюды сұрайды.

Бұған дейін әлеуметтік желіде кең таралған Among Us ойыны жайлы да ата-аналардың өтінішін ескерген Балалардың құқықтарын қорғау комитеті жедел түрде Мәдениет және ақпарат министрлігінен балаға зиян келтіруі мүмкін Among Us



Коллаж жасаған Ш. Адамбеков

ойынына қатысты жедел тексеру жұмыстарын жүргізуді сұраған. Бұл жөнінде ведомствоның баспасөз қызметі «Ақпарат «Киберқадағалау» порталында орналасырылған, ойынның қауіптілік дәрежесі тексеріледі» деп хабарлады.

Жақында Bilimger сайты балаларға арналған интернеттегі қауіпті ойындардың тізімін ұсынды. Кейбірінің балалардың психологиялық денсаулығына, физикалық қауіпсіздігіне қатер төндіретінін атады.

► 4-бет

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2025 жылға жазылу науқаны басталды. Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ, Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдеуге болады

Санаттар	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Ауыл/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін		6 ай 10447,44	5882,60
		12 ай 20894,88	11765,20
Жеке жазылулар үшін	12 айға	6 ай 3386,60	3074,60
	4116 теңге	12 ай 6773,20	6149,20

Анықтама телефоны:

☎ 41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-705-902-04-05.

✉ E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

•EUR/KZT 531.39

•USD/KZT 487.42

•RUB/KZT 5.04

•CNY/KZT 68.51

Қазақстан Ұлттық Банкінің 16 қазан, 2024 жылғы дерегі бойынша



Құрлық чемпионына құрмет көрсетті

Қарағандылық Руслан Мәдиев спорт мансабында бір жарым жылдық үзілістен кейін жартылай орта салмақта WBA Asia чемпионы атанды. Боксшыны жеңісімен Қарағанды облысы әкімдігінде құттықтады.

Ерканат КЕНЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей былғары қолғап шеберінің жоғары кәсібилігін, техникасы мен ерік-жігерін атап өтті. – Сіз тек аймақ үшін ғана емес, ең бастысы – өскелең ұрпақ үшін де үлкен мақтаншысыз. Қарағанды әрқашан өзінің боксшыларымен танымал болған. Біздің өңір – бокс мектебінің ұстаханасы іспеттес. Енді сіз бізді кәсіби рингтегі өнеріңізбен қуантасыз. Біз сізге сенеміз және жаңа жеңістер тілейміз. Біздің жас спортшыларымыз үшін сіздердің қатысуларыңызбен шеберлік сабақтарын ұйымдастыру қажет, – деді ол.

Руслан Мәдиев 2023 жылы наурызда Мексикада екінші раундта қарсыласын нокаутпен жеңгеннен кейін өзінің мансабын тоқтататынын жариялады. Дегенмен, ол тағы да рингке шығып, тағы да үздік екенін көрсете алды. Жекпе-жектегі 21 кыркүйекте Алматыда отандық промоутерлік компания ұйымдастырды. Оның қарсыласы ресейлік Тигран Согоян болды. 10 раундтан кейін төрешілер бірауыздан қарағандылыққа чемпион атағын берді. Руслан үшін бұл – кәсіби



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

мансаптағы он алтыншы жеңіс.

– Мен жарыстардан сәл үзіліс алдым, бірақ, жаттығуды тоқтатқан жоқпын. Әрқашан өзімді формада ұстадым. Азия чемпионы атағын алуға ұсынғанда, мен бірден келістім. Жекпе-жектен бірнеше күн бұрын қарсыласым ауысты. Бірақ, бұл нәтижеге әсер еткен жоқ.

Керемет қиындықтар болған жоқ. Егер бәрі ойдағыдай болса, онда атақты қорғауға арналған жекпе-жек Қарағандыда өтеді, – деп бөлісті кәсіпқой боксшы.

Руслан Мәдиев бокспен 10 жасында айналыса бастаған. 100-ден астам жекпе-жекте әуесқой рингте өткізді. Қазақстанның ұлттық тур-

нирлерінде өнер көрсетіп, жастар құрамасының құрамына кірді.

2015 жылы кәсіпқой боксқа ауысты. 18 жекпе-жек өткізді, 16 рет жеңіске жетті (оның 6-ы нокаутпен).

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

● ГАЗДАНДЫРУ

Үш мың үйге газ келді

Қарағандыда газдандыру жалғасуда. Қалада 3080 үй орталық газ жүйесіне қосылды. Аймақтық коммуникациялар қызметінің брифингінде газға қосылу үшін не қажет, бөліп төлеуді қалай рәсімдеуге болады және табиғи газбен жылыту құны қанша болатыны туралы айтылды.

Қарағанды облысында газбен жабдықтауға бес жылға бөліп төлеу арқылы қосылуға болады. Бұл бағдарлама өңір әкімінің тапсырмасы бойынша әзірленді. 2023 жылдың басынан бастап, оны 512 отбасы пайдаланды. Тағы 200 үйді жыл соңына дейін бөліп төлеу арқылы газдандыру жоспарланған.

– Бұл – пайызсыз бөліп төлеу. Ай сайынғы төлем сомасын жабдықты орнататын мердігер анықтай-

ды. Құрылысның жалпы құны 5 жыл мерзімге тең бөлінеді. Мұндай бөліп төлеуді алу үшін тұрғын үй қорын жаңғырту орталығына мына мекенжай бойынша жүгіну қажет: Пасажирская көшесі, 15а, 322 кеңсе. Қажетті соманы көрсете отырып, мердігерлік ұйымнан техникалық шарт, үйге құқық белгілейтін құжаттар, кадастрлық анықтама, тұрғын үй несінің жеке куәлігін және коммерциялық ұсыныс тапсыруы қажет. Біз

филиалымызда толығырақ кеңес бере аламыз, – деді Қарағанды облысының «Тұрғын үй қорын жаңғырту орталығы» ЖШС директорының орынбасары Әлібек Аденев брифингте.

Қалада тұрғын үйді орталықтандырылған газ жүйесіне қосудың орташа құны шамамен – 700 мың теңге. Бұл соманың негізгі бөлігі газ қазандығы мен компоненттеріне тиесілі.

– Газ қосудың өзі: кірістіру, плombaу, іске қосуды біз тегін жасаймыз. Қалалық әкімдікте есептегіштер де телін беріледі. Пайдалануға қабылдау ақысын – 2075 теңге төлеу қажет. Тұрақты техникалық қызмет көрсету шарты шамамен 20 мың теңгені құрайды. Біздің облыста бір текше метр газдың тарифі – 38 теңге. Ауданы

100 шаршы метрге дейінгі үй үшін айына 8-ден 12 мың теңгеге дейін төлеуге тура келеді. Әрине, оның мөлшері терезелердің саны мен сапасына, еден мен төбенің жылу оқшаулауына және т.б. байланысты өзгеруі мүмкін, – деп түсіндірді «QAZAQGAZ AIMAQ» АҚ Қарағанды өндірістік филиалының сервистік қызметінің бастығы Аманжол Мұхамбет.

Газбен қамту жүйесін төбесі екі метрден кем емес және газ қазандығына арналған бөлмесі бар кез келген үйге қосуға болады. Оны терезесі ашылатын жеке тұрғын емес бөлмелерде, дәліздерде немесе асүйлерде орнатуға рұқсат етіледі.

Өз тілшімізден

Жосықсыз полигон жойылады

Абай ауданында рұқсат етілмеген жерге қоқыс төгушілермен күрес жалғасуда. Космомониторингтің арқасында қалдықтарды рұқсат етілмеген жерге төккен 68 орын анықталды. Бүгінгі таңда алты полигон қалып отыр, алдағы уақытта олар да жойылады.

Апта сайын «Таза Қазақстан» акциясына Абай ауданында 80-нен астам ұжым қатысады. Тазалық шараларына 22 арнайы техника бірлігі тартылды. Қатты тұрмыстық қалдық полигондарына 4,5 мың тоннадан астам қалдықтар шығарылды.

«Акция басталғаннан бері ауданы 89 637 шаршы метр саябақтар мен гүлзарлар тазартылды, 15 тари-



Сурет облыс әкімінің сайынан

хи-мәдени ескерткіш жөнделді. 6514 ағаш және 77 бұта егіліп, жалпы ауданы 12 190 шаршы метр болатын 25 су нысаны тазаланды, – деп хабарлады Абай ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі.

Халықтың қалдықтарды жинауына қолайлы жағдайлар жасалуда. Абай мен Топарда 21 контейнер алаңы, 604 контейнер орнатылды.

Экологиялық жағдайды жақсарту үшін ауданда қатты тұрмыстық



ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯ

қалдықтар полигонының құрылысы басталды. Қазіргі уақытта мердігер терең қазаншұңқыр әзірлейді, топырақты тығыздайды, су желілерін салады, қоршау орнатумен айналысады.

Абаттандыру ережелерінің сақталуын құқық қорғаушылар жалғастыруда.

Өз тілшімізден

● ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ

«Жұмыссыз» мәртебесін алу жеңілдеді

2024 жылғы 1 қазанға дейінгі жағдайға сай 236,1 мың қазақстандық Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан жұмысынан айырылуына байланысты әлеуметтік жәрдемақы алды. Бұл ретте 190,2 мың азаматқа төлемдер осы жылы тағайындалды. Төлемдердің жалпы сомасы 62,2 млрд теңге болды.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес жұмыстан босатылған жұмыскерлер міндетті әлеуметтік сақтандыру



Сурет облыс әкімінің сайынан

жүйесіне қатысу өтіліне және соңғы 24 айдағы табысына байланысты 1 айдан 6 айға дейін жұмысынан айырылуы бойынша әлеуметтік төлемдер алады. Төлем жоғалған кірістің 45%-ына дейінгі мөлшерде МӘСҚ қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Төлем тағайындау үшін жұмыстан босатылған жұмыскерге eGov.kz порталында авторизациялану, «Жұмысқа орналастыру және жұмыспен қамту» бөлімінде «Жұмыс іздеуші адамдарды тіркеу» қызметін таңдау, онлайн-қызметке тапсырыс беріп, барлық жолдарды толты-

● ЖАСТАР САЯСАТЫ

«Саран жастары» жастар үшін

Саран қаласында жұмыс істейтін жастарға арналған жаңа тұрғын үй-ипотекалық бағдарлама басталды. Құжаттарды қабылдау 25 қазанға дейін жалғасады.

«Саран жастары» бағдарлама-сы 35 жасқа дейінгі жас мамандарға арналған. Қалада кемінде бір жыл тұратын және жұмыс істейтін жастар тұрғын үй сатып алуға жеңілдетілген қарыз ала алады.

– Бұл Саран әкімдігі мен «Отбасы банк» бірлескен жобасы, – дейді Саран қаласының ТКШ, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің тұрғын үй қатынастары секторының менеджері Анастасия Герашенко. – Бағдарламаға денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, спорт, БАҚ, әлеуметтік сала қызметкерлері, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор, ТЖМ және «Қазпошта» коммуналдық кәсіпорындарының қызметкерлері қатысады. ҚР азаматтығы және болашақ қарыз алушының және оның отбасы мүшелерінің меншігінде соңғы 5 жыл ішінде жылжымайтын мүлік болмауы міндетті.

Жеңілдетілген қарыз 12 млн теңгеге дейінгі сомаға 6%-бен беріледі. Бастапқы жарна қарыз

сомасының 10% құрайды, ипотека 19 жылға дейінгі мерзімге беріледі.

Тұрғын үйді жылжымайтын мүліктің бастапқы және қайталану нарығында сатып алуға болады.

Үміткерлер жеке куәлік, азаматтық хал-ахуалды мемлекеттік тіркеу туралы куәлік (неке кию және балалардың тууы туралы куәлік – болған жағдайда), өтініш берушіге және отбасының барлық мүшелеріне жылжымайтын мүліктің жоқтығы туралы анықтама, ресми бланкіде жұмыс орнынан анықтама (ресми бланк болмаған жағдайда анықтамада ұйымның мөрі болуы тиіс), еңбек өтілін растайтын құжат, еңбек қызметінің барлық кезеңі үшін зейнетақы аударымдары туралы үзінді көшірме, мүгедектік туралы анықтама (бар болса) сынды бірқатар құжаттарды ұсынуы шарт. Қатысушыларды комиссия іріктейді.

Өз тілшімізден



Сурет облыс әкімінің сайынан

Саябақ жанға сая

Нұра ауданының Мүзбел ауылының саябағында 150 шаршы метрлік балалар алаңы, көлемді жарықтандырылған әріптер, жарықтандыру тіректері мен шамдар, орындар орнатылды. Сондай-ақ, веложарыс үшін 300 метрлік жолақ белгіленді.



Қуатты өңір

сады. Баскетбол және волейбол кортын орнату жоспарланған. Сондай-ақ, бейнебақылау камераларын қоямыз, – деді Мүзбел ауылының әкімі Айнур Бекмағамбетова.

Биыл ауылға кіре берісте және саябақта 12 көше тіректері мен жарықдиодты шамдар орнатылды. Бұрын жарық мүлдем болмаған.

Мүзбел көшелеріндегі шамдарды ауыстыру жұмыстары да жалғасады.

Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Қазір саябақта тартан төселген ойын алаңы, әткеншектер, балансирлер және құмсалғыш бар. Абаттандыру жұмыстары келесі жылы жалға-



Сурет облыс әкімінің сайынан

Өз тілшімізден

Өз тілшімізден

Рекордтық түсім: Қарағанды қамбасы – миллионер



Коллекция жасаған А. Рамазанов

(Соңы. Басы 1-бетте)

Аталған салаға коммерциялық банктардың қаражатын да тарту қажет. Дикандарға өсімі аз несие беру үшін мемлекеттік қаржы институттарын субсидиялау шаралары қолға алынды. Банктарға қатысты осындай тәжірибені қолдану керек, – деп атап өтті Президент Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауында.

Сайып келгенде мұның бәрі шаруаларды айналымға қажетті қаражатпен шұғыл қамтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлық қатерін азайтуға және несие алуды оңтайландыруға жол ашады. Агроөнеркәсіп кешенін тікелей субсидиялау тәсілінен арзан несие беру тәсіліне біртіндеп көшу – аса маңызды міндет. 2024 жылы картоп жинау да айтарлықтай табысты болды. Шаруашылық құрылымдары 11,3 мың гектар алқаптан 299 мың тоннаға жуық өнім алып, аймақтың ішкі қажеттілігі артық мөлшерде қамтылды.

– Бұған, ауыл шаруашылығы техникаларын дер кезінде дайындау, жанар-жағармай материалдарымен қамтамасыз ету және

Келесі жылғы егіс жұмысына қажетті дәнді дақылдар және картоп тұқымдарының қажетті көлемі толығымен қамтылды. Өсімдік шаруашылығы саласын мемлекеттік қолдау шеңберінде шамамен 5,0 млрд теңге сомасында субсидиялар легі төленді. Бұдан басқа, көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арқылы 17,2 млрд теңге сомасына 567 ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілері қаржыландырылды. Жыл басынан агроөнеркәсіп кешені саласына 21,4 млрд теңге сомасына, немесе 111,0% инвестиция тартылды. 9 айда ауыл шаруашылығы саласын мемлекеттік қолдау аясында, 2 491 шаруашылық құрылымына 16,3 млрд теңге сомасында субсидия төленді.

Астық отуда, жоғары түсім көрсеткішіне облыс бойынша Абай, Бұқар жырау, Нұра және Осакаров аудандарының шаруашылықтары қол жеткізсе, картоп түсімінің жоғары көрсеткіші Нұра, Шет және Осакаров аудандары ауыл шаруашылығы құрылымдары бойынша шықты. 33,6 мың гектар алқаптан 23,4 мың тонна майлы дақылдар жиналды. Алынған өсімдік шаруашылығы өнімдерін сақтауға

на қатысты. Минералды тынайтқыштардың құнын субсидиялау үшін 81 ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілеріне 2 млрд 113 млн теңге сомасында субсидия төленді.

– Толассыз жауған жауын-шашын несібімізді молайтқаны рас. Кейінгі жылдардағы қуаңшылықтан соң қарызданып-қуаланып қалған шаруалар қауымы жиган өнімін өткізіп, жондырағы жүгі жеңілдеп қалатын болды. Осылайша агроөнеркәсіп кешені тұтасымен күш алғаны көңілге дөт. Ендігісі – өнімді терең өңдеу. Осы бағытта да ел мақтар жежені бағындырсақ, нұр үстіне нұр. Нарықтағы баға саясаты да жолға қойылған. Сұраныс жоғары. Сондықтан, жер тәрізді бай болып, су тәрізді қуатты болайық, – деді «Шанс» шаруа қожалығының басшысы Игорь Жабык.

Бүгінде шаруашылықтар тарапынан күзгі пайдалануға тынайтқыштар алуға шарттар жасалуда. Егін жинау жұмыстарын жүргізу және астықты кептіруге бөлінген 15,0 мың тонна арзандатылған дизель отынның тасып алу кестеге сәйкес жүргізіліп, шаруашылықтарға литрі 245 теңгеден босатылуда. 13 700 тонна дизель отыны, немесе 91,3% тасылып алынды. Астықты кептіру үшін қосымша 1031 тонна бөлінді. Тарихи тұрғыда көш бастап келе жатқан Нұра, Бұқар жырау, Осакаров аудандары биыл да сауырына қамшы салдырмады.

Келесі жылғы егіс жұмысына қажетті дәнді дақылдар және картоп тұқымдарының қажетті көлемі

толығымен қамтылды. Өсімдік шаруашылығы саласын мемлекеттік қолдау шеңберінде шамамен 5,0 млрд теңге сомасында субсидиялар легі төленді. Бұдан басқа, көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арқылы 17,2 млрд теңге сомасына 567 ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілері қаржыландырылды. Жыл басынан агроөнеркәсіп кешені саласына 21,4 млрд теңге сомасына, немесе 111,0% инвестиция тартылды. 9 айда ауыл шаруашылығы саласын мемлекеттік қолдау аясында, 2 491 шаруашылық құрылымына 16,3 млрд теңге сомасында субсидия төленді.

Жалпы, есепті кезеңнің қорытындылары бойынша салада дамуың оң динамикасы байқалады, бұл ретте осы бағытта жоспарланған көрсеткіштерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін барлық қажетті шаралар қолданылады.

– Облыс бірінші рет мұндай табысқа кенеліп тұр. Токсаныншы жылдардан бері аста-төк түсім түспеп еді. Бұл бірінші кезекте өңірдің дикандарының еселі еңбегі деп атап өтуге тұрарлық. Әлбетте, мемлекетіміздің қолдауынсыз мардымды көрсеткіштерге қол жетпес еді. Әсіресе, минералды тынайтқыштарды субсидиялау бағытында ерекше жәрдем сезіндік. Өздеріңізге мәлім, осы жыл күрделі болды. Биыл дәнді дақылдардың түрі «сырқаттарымен» бетпе-бет келдік. Күрмеуі көп түйіндер егін орағының сапасына да кері әсер етті. Осының барына қарамастан көңіл көншітер көрсеткішке қол жеткіздік. Сәйкесінше, орақ науқанын толығымен абыроймен аяқтадық. Сондықтан, кәсіби мерекеміз қарсаңында ауыл еңбеккерлерінің мерейі таси түседі деген сенім кәміл! – деп көңілсіздік білдірді «Шахтер» ЖШС директоры Георгий Прокоп.

Қош дәлік, 2024 жыл Қарағанды облысының ауыл шаруашылығы тарихына рекордтық жетістіктер жылы ретінде еңуде. Табиғи сын-тегеуріндерге қарамастан, өңірдің аграршылары Мемлекет басшысының табандылығы мен стратегиялық қолдауы кез келген қиындықты еңсере алатынын дәлелдеді. Уақытылы дайындық шаралары мен ресурстарды тиімді пайдалану арқылы аймақ астық пен картоп жинау бойынша жоғары көрсеткіштерге қол жеткізді.

Бұл жетістік ауыл шаруашылығы секторының тұрақтылығының және оның елдің азықтүлік қауіпсіздігі үшін маңыздылығының символына айналды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, аграрлық сектор – бұл біздің экономикамыздың тірегі және азықтүлік тәуелсіздігін қамтамасыз етудің негізгі құралы. Мұны фермерлер жұмысының нәтижелері де растайды, олар мемлекеттің қолдауымен ең қиын жағдайларда да тұрақты өсуді қамтамасыз ете алатындығын көрсетті.

Биылғы табыс инфрақұрылымға, технологиялық дамуға және ауыл шаруашылығын ортақтандыруға инвестициялардың маңыздылығын көрсете отырып, болашақта одан да жарқын жетістіктерге үміт артады.

• 16 ҚАЗАН – ДҮНИЕЖҮЗІЛІК НАН КҮНІ

Ас атасы ардақталған күн

Күнтізбеде ас атасына арналған күн барын екінің бірі, егіздің сынары біле бермесі анық. Бұл мереке 2006 жылы Халықаралық наубайшылар мен кондитерлер одағының бастамасы бойынша құрылған. Бұл күн негізгі тағам – нанның маңыздылығын көрсетіп, түрлі мәдениеттер мен дәстүрлерді біріктіреді дейді құзырлы орындар.



Сурет ашық дереккөзінен

Осы күнді таңдаудың тарихы тереңде. Атап айтқанда, 1945 жылдың 16 қазанында БҰҰ-ның Ауылшаруашылық ұйымы мен Азықтүлік ұйымы құрылған екен. Бұл ұйымдар ауыл шаруашылығын дамытумен және жаһандық деңгейде азықтүлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты проблемаларды шешуде маңызды рөл атқарған көрінеді.

2019 жылдың қыркүйек айынан бастап, Дүниежүзілік нан күні Қазақстанда да атап өтіледі.

Бұл шешім – қазақстандық наубайшылар, ұн тартушылар мен нан пісіретіндердің еңбегіне шынайы құрмет көрінісі. Белгіленген мерекелік күн Қазақстанда астық және нан өнімдерінің жоғары стандарттары мен мәртебесін нығайтуға қызмет етеді.

2024 жылдың қаңтар-маусымында Қазақстан 494,1 млн АҚШ долларына 2,4 млн тонна бидай мен меслин экспорттады. Экспорттың жалпы көлемінен негізгі үлесі Өзбекстан, Тәжікстан, Түрікменстан, Қытай, Ауғанстанға тиесілі. Бүгінгі таңда қазақстандық аграршылар 19,2 млн тонна бидай жинады. Ұн тарту саласында жалпы қуаттылығы жылына 9,1 млн тонна астық өндіретін 270-ке жуық кәсіпорын іске қосылды. Отандық ұн өндірісінің көлемі елдің ішкі

тұтынуынан 2 есе дерлік асып түседі және экспорттық жеткізілім көлемі бойынша әлемде жетекші орынға ие. 2024 жылдың 8 айында 2 миллион тоннадан астам ұн өндірілді.

«Нан өндірісі еліміздің ішкі нарығын толық қамтамасыз етеді. Нан өндірушілер халықтың нанға деген қажеттілігін қанағаттандырумен қатар, нарықтағы сұранысқа байланысты шығарылатын өнім ассортиментын кеңейту бойынша да белсенді жұмыс істеуде. Бұл негізінен нан-тоқаш, кондитерлік өнімдер, қысқа және ұзақ сақталатын ұннан жасалған өнімдер. Ал, 8 айда 329 мың тонна нан өндірілді.


Қазақстан Республикасындағы агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы шеңберінде астық өңдеу саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеумен айналысатын АӨК субъектілері (оның ішінде, ұн және нан өндірушілер) үшін айналым қаражатын толықтыруға ағымдағы кредиттер берумен мемлекеттік қолдау шаралары көзделеді», – дейді министрліктің баспасөз қызметі.

Өз тілшімізден

• РЕСМИ

Агроқешен көкжиегі кеңейеді

2024 жылдың 22-24 қазан күндері Астана қаласындағы «EXPO» ХКО кешенінде «KazAgro/KazFarm-2024» көрмелері өтеді. Бұл көрмелерді Халықаралық Көрме Компаниясы «Expo Group» ұйымдастыруда. Шара аясында 20 000 шаршы метр алаңда 20 елден 250 үздік агроөнеркәсіп компаниялары жиналады. Германия серіктес мемлекет ретінде қатысып, 40 неміс компаниясы инновациялық өнімдерін таныстырады.



Сурет облыс ақпараттық сайтынан

Көрмелердің негізгі бағыттары – KazAgro – өсімдіктану және KazFarm – мал шаруашылығы. Қатысушылардың халықаралық сарапшылардан озық технологиялар мен өзекті мәселелер туралы мәлімет алуына мүмкіндік бар.

Сондай-ақ, келушілер «Open Office» арқылы ауыл шару-

ашылығы вице-министрлері мен агробизнеснің өкілдерінен кеңес ала алады. Кеңес беру пункттерінде қаржы, жер мәселелері, мал шаруашылығы, балық шаруашылығы және агроөнеркәсіп кешеніндегі инвестициялар туралы талқыланады. Көрмеге кіру тегін.

Өз тілшімізден

Гүлзар қатары көбейеді

Облыс орталығы күзде де гүлзарлардағы жаңа көпжылдық өсімдіктердің арқасында жасыл реңкінен ажырай қоймайды. Мұндай гүлзарлар қатары жақында пайда бола бастады.

«Көпжылдық гүлдерді отырғызу жұмыстарын биыл бастау жоспарлануда», – деп хабарлады салалық ведомство. Идея бірден қолдауға ие болған. Қазірдің өзінде қала көшелерінде өсімдіктерді дайындалған қалыпқа егетін жұмысшылар қарасы көп. Саябақтар басқармасының мәліметінше, барлығы 60 мың өсімдік отырғызу жоспарланған.

Саябақтарды басқаруда қала бойынша гүлдердің 20 түрі отырғызылатыны мәлім болды. Олар-



Сурет облыс ақпараттық сайтынан

дың ішінде астера, конус гүлі, күндізгі гүл, раушан, седум, мысық, шалфей, нивяник, көпіршік, спирея, өткір гүлді қамыс, аквилегия, монета қоспсытқышы, бұта цинко-

филі, күлгін тал, гималай гераниумы, мүйізді күлгін, дербенник, түрік қалампыры және дерен бар.

Көпжылдық гүлдерді Назарбаев, Нұркен Әбдіров даңғылы мен

Өз тілшімізден



Жаңа тарих бастауы

Қазақстанның жаңа тарихы «Мемлекеттік егемендік туралы Декларациядан» бастау аларына дау жоқ. Тура 34 жыл бұрын қабылданған Декларациядан бері қазақ елі өзін әлем алдында сыртқы-ішкі саясатта мойындата білген біртұтас мемлекетке айналды. 25 қазан – Республика күні ретінде мерекеленіп келгені белгілі. Одан кейініректе мереке тізімінен шығарылды. Ал 2022 жылғы 16 шілдедегі Ұлттық Құрылтайда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ұлттық мереке мәртебесін Республика күніне қайтаруды ұсынғаны және оның қолдау тапқаны мәлім.



Коллажды жасаған А.Колесова

Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

«Ұлттық мерекелер мен атаулы күндер тізбесіне бірқатар өзгеріс енгізген жөн. Мен Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынамын. Сондықтан, қазанның жиырма бесі күні жыл сайын Егемендік күнін еліміздің басты мерекесі ретінде атап өтуіміз керек. 1990 жылы 25 қазанда Қазақстанның егемендігі туралы Декларация қабылданды. Бұл еліміздің тәуелсіздік жолындағы тұңғыш қадамы болатын. Осы құжатты қабылдаған кезде Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев

аса маңызды, тіпті, шешуші рөл атқарды. Республика күні елдің мемлекет құру жолындағы тарихи қадамының символы болуы керек. Әрине, Тәуелсіздік күнінің бастапқы мәні сақталады. Бұл күн мемлекеттік мереке болып қала береді. Бірақ тәуелсіздік алуға зор үлес қосқан ұлттық батырларымызға тағзым күні ретінде атап өтілуі керек», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Содан кейін қыркүйек айының ортасында Қазақстан Республикасының Парламенті «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» Заңына түзетулер енгізді. Ол түзетуге сәйкес Республика күні, 25 қазан – ұлттық мерекеге,

ал, Тәуелсіздік күні, 16 желтоқсан – мемлекеттік мерекеге айналды. Жалпы, Декларацияның мәні зор құжат екені даусыз. Бірақ, оны қабылдау бір күнде бола қалған іс емес. Оның әр сөйлемі түгелі әрбір сөзінің қаншама талқылаудан өтіп барып, таразыға тартылып барып, қабылданғанын бұл күнде бұқара біле бермейді. Өйткені ол құжатта Қазақстанның болашақ тағдыры тұрды. Онда егемен елдің ертеңі екшеп жазылды.

Декларация қабылданған сәтте Жоғарғы Кеңесте 360 халық депутаты болғандығын айтады ашық көзделі деректер. Ол деректерге сүйенсек, бұл қатарда еліміздің

барлық аумағының өкілдері, ірі зауыттардың, кәсіпорындардың директорлары, танымал адамдар, саясат және қоғам қайраткерлері, жастар да болған.

Мемлекет қайраткері Бірғаным Әйтимова Декларацияны қабылдау процесі күрделі және жауапты болғанын айтады «Қазақпаратқа» берген сұхбатында. Оның күрделілігінің басты себебін қайраткер Қазақстанның сол кезеңде Одақ құрамында тұрғанымен байланыстырады.

«Әрине, декларацияға енгізілген барлық норма сол кезеңнің ықпалы мен көрінісіне ие болды. Сондықтан нақты тармақтардың объективті арқылы еліміздің ұлттық мүддесін түгелдей қамту оңай болған жоқ. Сонымен бірге, жалпы атмосфераны ескеру қажет еді. Себебі, біз әлі толық мағынада тәуелсіз болған жоқпыз», – дейді ол аталған сұхбатында. Сонымен, қызу талқыдан соң Декларация қабылданғаны мәлім.

Бұл туралы 2010 жылы Алматы қаласындағы «Раритет» баспасынан жарық көрген «Қазіргі Қазақстан тарихынан» (Б.Аяған, Х.Әбжанов, Д.Махат) e-history.kz сайты мындай деректер келтіреді.

«Мемлекеттік егемендік туралы Декларацияны» 1990 жылы 25 қазан күні 18 сағат 55 минутта қабылдады. «Мемлекеттік егемендік туралы Декларацияда» Қазақстан аумағының біртұтастығы мен оған жат көзқарас, қарсы әрекеттер болмайтындығы бекітілді. Декларацияда аса маңызды мәселе – республиканың өз бюджетін қалыптастыратындығы айқындалды. Қазақстанның мемлекеттік егемендігі туралы Декларация – еліміз Конституциясының негізіне айналған республиканың тұңғыш заң актісі. Бұл құжатта Қазақстан «халықаралық қатынастардың дербес субъектісі болуға, сыртқы саясатты өз мүдделеріне сай белгілеуге, халықаралық ұйымдардың қызметіне қатысуға құқығы бар» егемен мемлекет деп жарияланды.

Декларация алғаш рет табиғи ресурстардың, экономикалық және ғылыми-техникалық әлеуетінің Қазақстан меншігінде болуының ерекше құқығын баяндай етті. Егер



егемендік қағидаттарына қайшы келетін болса, Қазақстан аумағында КСРО заңдарын тоқтату құқығын белгіледі. 1990 жылғы 25 қазанда Қазақ КСР-інің мемлекеттік егемендігін жариялау – Қазақстан үшін өз дамуының жолын дербес анықтау мүмкіндігін ашқан тұңғыш акті болды».

Еліміз осы кезеңнен-ақ алдымен этнократиялық мемлекет құруға ұмтылды. Бұл өзгелердің басты ұлт – қазақтардың айналасына жиналу дегенді білдірді. Ол уақыттарда ұлттық құрылым құру процесі этнократиялық коннотация алған бірқатар заңнамалық құжаттар қабылданды. Ал, 1990 жылы 25 қазандағы «Қазақ КСР-інің мемлекеттік егемендігі туралы Декларация» Қазақстанның түпкілікті мемлекеттік тәуелсіздікке ауысуын сипаттайтын құжат еді. Аталған Декларацияда тәуелсіз мемлекеттің, жаңа тәуелсіз қазақстандық мемлекеттің негізгі параметрлері белгіленді, мұның өзі бұл Декларацияның қызметін «бағдарламалық» ретінде анықтауға мүмкіндік берді.

– Демократиялық, құқықтық қазақстандық қоғам, Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық және мәдени құрылымдардың қайта құрылуы туралы негізгі идеялар жинақталған Декларациядан еліміздің Конституциясын дайындау басталды. Әйтсе де, біз алдымен мынаны айта кеткенді жөн санаймыз. Бұл Декларацияда қазақтар мемлекет құрушы ұлт болып саналды да, конституциялық заң қазақ ұлтының өзін-өзі анықтау құқығын заңдастырды. Декларация негіз болған заңдар еркіндік, бірлік, тұрақтылық деген қағиданы арқау етті, – дейді заң ғылымдарының кандидаты, профессор Болат Сейітқожин.

Мерекеледе қалай демаламыз?

Биылғы мереке күні жұмаға сәйкес келіп тұр. Қазақстандықтардың күздің екінші айында қанша күн демалатыны белгілі болды. 2024 жылы қазақстандықтар Республика күнін 25 қазанда атап өтетіндіктен, жалпы 9 күн демалыс болмақ.

Республика күні мерекесі, яғни, 25 қазан жұмаға сәйкес келіп тұр.

Бес күндік жұмыс аптасында: 25, 26, 27 қазан – демалыс күні.

Алты күндік жұмыс аптасымен есептегенде: 25 қазан жұмыс күні демалып, 26 қазан жұмыс күні. 27 қазан қайта демалады. Ел тұрғындары 2024 жылдың қазан айында 9 күн демалады.

Кәсіби мерекелердің тізбесі жаңа редакцияда – Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің міндетін атқарушының 17.11.2023 жылғы №480 бұйрығымен, ол алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізілді.

Еске салайық, Республика күні – бұл еліміздің мемлекеттілігі жолындағы алғашқы тарихи қадам. 1990 жылғы 25 қазанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі тәуелсіз Қазақстанның бірінші құқықтық құжаты – Республиканың егемендігі туралы декларацияны қабылдап, Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретіндегі саяси-құқықтық негізін жариялады. Егеменді мемлекеттіліктің негізгі қағидаттары ретінде мыналар белгіленді. Біртұтас мемлекет, аумақтың тұтастығы, бөлінбейтіндігі мен қол сұғылмаушылығы, қазақ халқының және Қазақстанның басқа да халықтарының өзіндік мәдениетін, дәстүрлерін, тілін жаңғырту және дамыту, ұлттық бірлестікті нығайту. Республика күнінде біз Қазақстанның саяси және экономикалық салалардағы, сондай-ақ оның әлемдік аренадағы жетістіктерін мақтанышымен атап өтеміз.

Өз тілшімізден

Болашақ үшін маңызды қадам

Уақыт өз шарттарын белгілейді және тұтас мемлекеттердің өмір сүру режимі оның ішкі мақсаттары мен міндеттерін өзгертеді. Заманауи атом электр стансасын салу күн тәртібінде тұрған өзекті мәселе екенін ескеруіміз қажет. Себебі, елімізде энергия тапшылығы күн өткен сайын өзекті мәселеге айналууда.

Еліміз ХХ ғасырдағы сілкіністерден аман өтіп, репрессиялық тоталитарлық режимнің құрсауынан шықты. Бүгінде Қазақстан – еркін, сенімді қадамдарымен дамып келе жатқан, демократиялық негіздер мен дәстүрлерді бойына сіңірген тәуелсіз мемлекет.

Сондықтан, АЭС салу дамыған мемлекет ретінде қажеттілік. Себебі, ел дамуы үшін инвестиция тарту үшін де энергия керек. Онсыз өзгелердің қызығушылығын тудыра алмауымыз да мүмкін.

Ал, дәл бүгінгі таңда энергия алу үшін жалғыз жолы – АЭС салу. Себебі, атом электр станциясынан таза энергия көзі алынады және оның қоршаған ортаға зияны аз.

6 қазанда өткен референдум түпкілікті шешім қабылдауға негіз болды. Атап айтқанда, азаматтардың пікірін ескеру атом энергетикасы саласындағы сауатты саясатты қалыптастыруға да ықпал етеді.

Станислав СМІРНОВ,
саясаттанушы, «Болашақ» академиясының оқытушысы

Қауіпсіздік талаптары қатаң сақталады

Еуроодақ елдері 2050 жылға қарай экономиканы көмірсутектен арылтуды мақсат етіп отырғанын білесіздер. Ал қазірдің өзінде әлемнің кейбір жетекші елдері осы мақсатта жұмысқа белсене кірісін кетті. Олар тіпті 2050 емес, 2035-2040 жылдарға дейін осы талапқа жетпек ниетте. Осы орайда Қазақстанның болашақта таза қуат көзі АЭС-ке қошуі құптарлық іс. Өйткені, атом – таза генерация түрі.



Коллажды жасаған А.Рахымжанов

Мәселен, БҰҰ Еуропалық экономикалық комиссиясы 2021 жылғы мамыр-қазан айларында жүргізген зерттеу қорытындысына сүйенетін болсақ, CO₂-ні (көмір қышқыл газын) көмір – 1095 г, газ – 513 г, гидростанциялар – 147 г, күн энергиясы – 122 г, жел энергиясы – 23 г, ал, атом энергетикасы – 6,4 г бөледі. Осыдан-ақ, өзіңіз пайымдай беріңіз. Оның үстіне атом энергетикасынан таза энергия өндіру үшін жел энергиясына қарағанда, әлдеқайда аз жер көлемі қажет етіледі.

АЭС десе, әлі де халықта үрей басым. Халықтың бір бөлігі мұны атом бомбасы деп түсінеді. Сөйтсе де, шындыққа жанаспайтын ақпаратқа сенеді. АЭС-те радиоактивті қалдықтар сыртқа шықпайтын қайталап айтқым келеді. Өйткені, онда бірнеше контур болады. Сол контур бойында салқындатылады.

Біз суды не үшін қолданамыз? Ең ал-

дымен реакторды салқындату үшін. Бұл суды тоғандардан, жанындағы көлден аламыз. Контурдағы құбырмен жүретін су көл немесе тоғандағы сумен жанаспайды. Сондықтан «радиоактивті қалдықтар Балқаш көліне құйылады» деген пікір дұрыс емес. Екіншіден, су буланады, қайнап кетеді дегенді де естіп жүрміз. Олай болуы мүмкін емес. Бәрі есептеулі. Су жылына 0,04 пайыз мөлшерде гана буланады. Бұл өте аз. Сол себептен

Балқаш көлі қайнап, тартылып, ішіндегі жәндіктер, балықтарға әсер етеді деген де шындыққа мүлдем жанаспайды. Тіпті, бір қызығы, АЭС орналасқан шетелдегі аймақтарда үнемі балық аулаудан жарыс (чемпионат) өткізіледі. Яғни, балық аулап, оған дозиметрлік тексеріс жүргізеді. Соның нәтижесінде дозаның мөлшері асып кеткен жоқ па, суға радионуклидті қалдықтар тараған жоқ па, бәрін тексеріп, балықты суға қайта жібереді. Сондықтан АЭС салынып, жұмыс істесе Балқаш көліне ешқандай қауіп төнбейді.

Талап бойынша АЭС халық тұратын жерден 40 шақырым қашықтықта болуы керек. Бұл қағидат қатаң сақталады. Мысалы, Үлкен ауылы Алматы, Талдықорған қаласынан 350-360 шақырым жерде. Арнайы құқықтық-нормативтік құжат бар. АЭС салатын баламалы аумақ таңдалғанмен оның өзі тағы да қосымша зерттеледі. Экологияға, қоршаған ортаға, жан-жануарларға кері әсері болмайды. Мұның бәрі әлемдегі 60 жыл бойы жұмыс істеп тұрған АЭС аясында зерттелген.

Әлемнің 31 елінде 400-ден аса реактор бар. Олардың барлығы дерлік сәтті әрі қауіпсіз жұмыс істеп тұр.

Қорыта айтқанда, атом электр станциялары көмір немесе табиғи газ қондырғыларына қарағанда отынды әлдеқайда аз тұтынады, бұл көміртегі бейтараптығы мақсаттарына қол жеткізуге көмектеседі. Оның үстіне ол – сарқылмас қуат көзі оның үстіне үздіксіз әрі тұрақты энергия өндірудің жалғыз көзі.

Асуан СИЯБЕКОВ,
«Қазақстандық атом электр станциялары» ЖШС жетекші инженері

Онлайн ойын опық жегізбесін

(Соңы. Басы 1-бетте).

Олардың қатарында «Көк кит» (Blue Whale Challenge), «Момо» (Momo Challenge), «Балконнан секіру», «24 сағаттық жоғалу», «Құрғақ түрде тұншықтыру» секілді ойындар бар.

Мәселен, «Көк кит» қауіпті ойыны қатысушылардан 50 күн ішінде күн сайын бір тапсырманы орындауды талап етеді. Тапсырмалар бірінші күндері жеңіл болып көрінгенмен, соңғы тапсырмалар өзін-өзі зақымдау және өз-өзіне қол жұмсау сияқты қауіпті әрекеттерге жетелейді.

Балам аман болсын десеңіз...

Сондай-ақ, баланың психикасына әсер етер деп дабыл қағатын SchoolBoy Runaway ойынының іске қосылғанына екі ай болды. iOS және Android платформаларында оңай жүктеп алуға болатын ойын барысында телеграм мессенджеріне және YouTube каналына тікелей сілтеме көрсетілген. Балаға да керегі сол – кез келген қосымшадан оңай жүктеп алуға деген мүмкіндік.

«Оқушының қашуын» көздейтін ойын жасөспірімдерді үйден, ата-анасынан қашуға үгіттейді. Ойынның бас кейіпкері – Андрей есімді оқушының әрекеттеріне психологтар да бүгінде алаңдаушылық танытып отыр. Ойын сюжеті бала мен ата-ананың қарым-қатынасын алшақтауға негізделген. Тұрмыстық зорлық-зомбылық белгілері және бар. Психологтардың айтуынша ойынның ережесі бойынша тапсырмаларды орындау барысында әкесіне дәрі беріп ұйықтатуға болатын шарттар бар. Ойын арқылы осы әрекетті көрген бала өмірде де солай істеуі мүмкін. Алайда, қоғамда бұл ойынды сүйсініп ойнайтындар да жоқ емес...

Егер бұл ойын өте қауіпті болса, оны Play Market қосымшасында мындаған адам «тегі» жүктеп алмас еді. Бұл ойынды мектеп жасындағы балалар ғана емес, ересектер де ұнатады, – деп жазыпты Марина есімді әлеуметтік желі пайдаланушысы.

Сондай-ақ, ұлының аталған ойынды ойнайтынына қарсы емес Гүлжазира есімді ана «Менің ұлым мафия ойынына ұқсас Among Us-ты ойнаған. Онда ойыншылар арасындағы бір сатқынды анықтайды. Өздерінің болжамдары арқылы сатқынның кім екендігін хабарлай отырып, бір-бірімен



Сурет ашық дереккөзінен

сөйлеседі. Көпшілік дауыс берген адам ойыннан шығады. Қазіргі таңда оқушылар арасында ойындар өлімге апаратын дегенге сенбеймін. Мектеп оқушыларының бәрінде смартфон бар», – дейді.

Психологтардың пікірінше, көптеген ойындар алаяқтарды өлтіріп, сатқынды анықтауға арналғандықтан, ойыннан хабары жоқтар оның мағынасын «өліммен» байланыстыратын секілді. Ойын жанкүйерлері кейінде әлеуметтік желілерде оны талқылап, қызықты сәттерін бөлісе отырып, мемуарлар жасауға кіріскен. Мәселен, осы уақытқа дейін қоғам қауіпті санаған Among Us ойынының қызықты мемуарлары әлі бар. Бұл бір жағынан ойынның қоғамда кең қолдауына не болғанын айғақтап тұрғандай...

Ресми органдар не дейді?

Ресми деректерге сүйенсек, биыл желіде жалған 150-ден астам ақпарат тараған. Оның 50-і бұғатталыпты. 2023 жылы министрлік өз-өзіне қол жұмсауды насихаттау белгілері бар 16 материалды анықтады. 40 заңсыз материалды жою бойынша шаралар қабылданған. Олардың он алтысында «Қызыл дельфин» және Schoolboy Runaway ойындары туралы ақпарат бар. Олардың он үші жойылған.

Дегенмен, қоғам дүрліккеннен кейін Ішкі істер министрлігі қосымша арнайы тексеріс жүргізген. Нәтижесінде ешқандай ойыннан баланы өлімге итермелейтін элементтер табылмады. Бірақ, ата-анаға қарсы шық, үйден қашып кет деп жол сілтеп, психикаға кері әсерін тигізеді. Суицидке барған жасөспірімдердің көбі өзине-өзі

мас күйінде қол жұмсаған. Олар шамамен 15-17 жаста еді...

– Қазіргі таңда интернетте бала денсаулығына зиян тигізетін ойындар, видеороликтер таралуда. «WhatsApp» әлеуметтік желісінде «Minecraft» (майкрафт) секілді көмелетке толмаған баланың қатысуымен балаларға қауіпті неше түрлі бейнеролик көп. Аталған ойынның ережесі бойынша балалар алақандарын үш рет соғып, кейін терезеден секіріп кетуі тиіс. Ата-аналарға балалардың телефонның қадағалауды тапсырдык, – деді қарағандылық мектеп директоры.

Парламенті Мәжілісінің депутаты Самат Нұртазаның айтуынша, бірде-бір заң адамды сен мынаны істеме, мынаны қарама деп шектей алмайды. – Мемлекеттің, Үкіметтің парызы – жақсы жолды ұсыну. Негативті жаққа бала бара ма, бармай ма, ол жақындарына, қоршаған ортасына байланысты, – дейді Самат Нұртаза.

Осы жағдайдан кейін Оқу-ағарту министрлігі Ішкі істер министрлігіне қауіпті ойындарды бұғаттау жөнінде хат жолдалды.

Цифрлық гигиенаның қарапайым ережелері

Парламент Мәжілісінің депутаты Жүлдіз Сүлейменова балалардың интернеттегі қауіпсіздігіне байланысты мәселе көтеріп, ата-аналарға үндеу жасаған болатын. Оқу-ағарту министрлігі де баланың интернеттегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін бірнеше ереже ұсынды. Сонымен балаңыздың осындай ойын ойнап жүргенін білсеңіз не істеу керек?

Психологтардың сөзіне сүйенсек, мұндай жағдайда баланың

сеніміне кіре отырып, оны ойыннан алшақтатуға болады. Алдымен, балаңызға жаңа телефон алып берген кезде телефонға бірге құпиясөз орнатып, геолокация және іздеу қызметін қосыңыз.

Мамандар баланың телефонмен қандай қосымшаны көргенін біліп отыру үшін ата-аналарға бақылау бағдарламасын жүктеуге кеңес береді. Смартфонындағы ата-ана бақылауы қызметін қолданып, балаңыздың онлайн белсенділігін, жүрген жолын бақылаған дұрыс. Жасөспіріммен оның онлайн өмірі жайлы әңгімелесу де маңызды. Осы орайда желідегі кибербуллинг қаупі туралы айтып берген жөн.

Жоғарыда атап өткендей Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ұрпақтың цифрлық дүниелерге тәуелді болуы мен виртуалды әлемге шектен тыс құмартуы нағыз дертке айналғанын атап өтті.

– Салалық министрлік болсын, әкімдік немесе құқық қорғау құрылымы болсын, уәкілетті органдардың бәрі өз қызметін мүлтіксіз орындап, жұмысын үйлестіруі керек. Бақытты балалықтың негізі отбасы институты екенін және солай болып қала беретінін түсінген жөн. Біздің қоғам қазір бетпе-бет келген көптеген мәселе мен кеселдің түп-тамыры ата-аналардың бала тәрбиесіне өз деңгейінде араласпауынан басталады, – деді Мемлекет басшысы.

Психологтар да балалардың көруіне тыйым салынған және жағымсыз контентті неліктен көруге болмайтынын түсіндіруді ұсынады. Президент тапсырған үдеден шыға аламыз ба? Не десек те, балаға мөлшерден асқанның бәрі зиян.

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ

Кедергісіз ортаға басымдық

Қазақстандық мектептерде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін кедергісіз орта қалыптасуда. Бүгінгі таңда мектептердің 88%-да инклюзивті білім алуға жағдай бар.



Сурет ашық дереккөзінен

Аяулым СОВЕТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Биыл алғаш рет психологиялық-педагогикалық қолдаудың үш деңгейлі моделі енгізілді. Сондай-ақ, ерекше қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеу үшін қолдау көрсету кабинеттері мен жеке бағдарламалар жасалып, жаңа талаптар әзірленді.

– Қазіргі уақытта білім беру мекемелерінде 60 мың бала қажетті психологиялық-педагогикалық қолдаумен қамтылған. Бұл – әрбір баланың сапалы білімге тең қол жеткізуі үшін жасалған қадам, – деп атап өтті Оқу-ағарту министрлігі Инклюзивті және арнайы білім беру департаментінің директоры Лаура Бутабаева.

Инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын мектептердің міндеті – әр

балаға жеке қолдау көрсете отырып, бірегей қабілеттерін дамытуға және әлеуметтік сын-тегеуріндерге төзімділік танытуға көмектесу. Осы орайда Қарағанды облысында инклюзивті білім беру үшін 55% балабақшада, 81% мектепте және 70% колледжде мүмкіндік жасалған.

Бүгінгі таңда облыста 17 арнайы ұйым жұмыс істейді. Оқу жылының басында Қарағанды, Саран, Теміртау қаласындағы арнайы мектеп-интернаттарында ақыл-ойы және тірек-қимыл аппараты бұзылған балалар үшін қосымша 5 сынып ашылды. Сонымен бірге, Теміртауда ақыл-ойы бұзылған балалар үшін қосымша 2 топ жұмыс істейді.

2025 жылға дейін Балқаш, Қарағанды қалалары мен Бұқар жырау ауданында тағы психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері ашылмақ.

Бала тәрбиесі – бәрінен маңызды



Қазақстанда мектеп жасына дейінгі балалардың ата-аналарына балаларды күту және дамыту бойынша кеңес алуға мүмкіндік беретін «Беске дейін үлгер» мобильді қосымшасы іске қосылуда.

Қосымша ата-аналарға үй жағдайында балалардың денсаулық, тамақтану, тәрбие, дағдыларын дамыту сияқты маңызды мәселелер бойынша қолжетімді әрі түсінікті контент ұсынады. Қосымшадағы барлық материалдар нейробиологиялық зерттеулердің ғылыми деректеріне негізделіп әзірленген.

– Қазіргі уақытта қосымша пилоттық режимде Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Қызылорда және Ақтөбе облыстарындағы мектепке дейінгі ұйымдарда тестіленуде. Толық

ауқымда іске қосу қараша айына жоспарланған. Сондай-ақ, контент консультациялық орталықтарда да қолжетімді болады, – деп атап өтті мектепке дейінгі білім беру департаментінің директоры Манар Адамова.

Қосымша арқылы ата-аналар мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу және дамыту мәселелері бойынша тәулік бойы әдістемелік және психологиялық қолдау алады. Бұл отбасыларда үйлесімді жағдай қалыптастыруға ықпал етеді.

Өз тілшімізден

БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

Кадет сыныптары ашылды

Облыс мектептерінде «Жас сакшы» ресурстық сыныптары жұмысын бастады. Кадеттердің алғашқы ресурстық сыныбы Жақып Ақбаев атындағы мектепте ашылды.

Аяулым СОВЕТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Мұнда жас патриоттар, сондай-ақ, полицияда есепте тұрған жасөспірімдер білім алады. Балалармен негізгі сабақтардан басқа, Отанға сүйіспеншілік және заңға құрмет туралы әңгімелер айтылады.

Облыстың білім басқармасы мамандарының айтуынша, қазір сыныпта 25 бала бар. Әдеттегі сыныптардан ерекшеленетіндіктен, мұнда сабақтан тыс уақытта балалармен облыстың полиция департаментінің дәріскерлері жұмыс істейді. Жыл соңында оқушылар тарих және қазақ тілі

бойынша тестілеуден өтеді. Сыныптар патриоттық тәрбиеге баса назар аударатырып, облыстың білім басқармасы мен полиция департаменті арасындағы меморандум шеңберінде құрылуда. Бастаманы Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің заң факультеті қолдады.

Жақында «Жас сакшы» сыныптары Қарағандының № 21, 32, 74 және 88 мектептерінде ашылмақ. Сондай-ақ, оларды серіктес қалалардың мектептерінде ашу жоспарлануда.

Сурет ұйымдастырушылардан



ДЕБАТ

Ақиқат пікірталаста анықталады

Академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінде Астана, Алматы, Шымкент және еліміздің басқа өңірлерінен келген 40 команданың қатысуымен ADAL Cup республикалық пікірталас турнирі өтті.



Аяулым СОВЕТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Турнирде жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру көзделген. Пікірталас Британдық парламенттік форматта өтіп, қазақ және орыс тіліндегі лигаларды қамтыды. Қазақ лигасында «Тараз» командасы басымдық көрсетті. «Қарағанды» командасы екінші орынға ие болды.

– Әр түрлі көзқарастарды естідік. Маған жасанды интеллект кейсінің талқыланып ұнады. Оны «Сот жүйесіне қосу керек пе?» деген сұрақ та болды. Бұл

тақырыпқа қатысты ұзақ ойландым. Мен төрт жылдан бері пікірталаспен айналысып келемін. Ол дамуға мүмкіндік береді, – деді «Қарағанды» командасының мүшесі Мадияр Қалды.

Пікірталаста Нұрғелді Серікбосынов пен Семей қаласынан келген Асылжан Рымқұловтың «Тұмар» командасы қола жүлдеге ие болды.

Орыс тіліндегі лигада үш жүлделі орын Астанадан келген командаларға бұйырды. Соның ішінде «Күздеубаев Нұртас» командасы үздік атанды. Екінші орынды Nomad Da иеленді. Үшінші орынды «Мияулаған мысық» командасы

місе тұтты. Нұрғелді Серікбосынов (қазақ лигасы) және Әйгерім Айбасова (орыс лигасы) «Үздік спикер» аталымында марапатталды.

Сондай-ақ, жеңімпаздар мен жүлдегерлер дипломдармен, ақшалай сертификаттарға ие болды. Үздік командаға кубок берілді.

Шараның басты хедлайнері – Stand up комик Руслан Тай. Дебат көңілді концерттік бағдарламамен аяқталды. Жастар биылғы турнирді ерекше ұйымдастырған Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармаға алғыс білдірді.

Сурет ұйымдастырушылардан

• ДЕНСАУЛЫҚ

«Жаны саудың – тәні сау»

Қазақстанда психикалық денсаулық орталықтары мамандарының бақылауында 300 мыңнан астам пациент бар. Олардың ішінде, психикалық ауытқулары бар 9 мыңнан астам пациент және әртүрлі тәуелділіктері бар 9 мың пациент есепте.



Сурет ашық дереккөзінен

Қауіп факторлары және ықтимал аурулардың профилактикасы туралы халықтың хабардар болуын арттыру үшін 1992 жылдан бастап, жыл сайын 10 қазанда Дүниежүзілік психикалық денсаулық күні атап өтіледі. Биыл ол «Жұмыс орнындағы психикалық денсаулық» ұранымен өтті. Осы күн аясында Ұлттық қоғамдық денсаулық сақтау орталығы жұмыс орнындағы қолайсыз жағдайдан туындайтын психологиялық проблемалардың профилактикасы, хабардар болуды арттыру және оларға назар аудару мәселелері бойынша бірқатар шаралар ұйымдастырды. Мұндай шаралар жер-жерлерде өтеді деп жоспарланған.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректері бойынша жер шары халқының шамамен 60%-ы жұмыс істейді. Стигматизация, кемсітушілік және қауіпті өндірістік факторлар жұмысшылардың психикалық денсаулығына, сәйкесінше, жұмыс қабілеттілігі мен өнімділігіне теріс әсер етуі мүмкін. Аталған ұйым бағалауы бойынша 2019 жылы еңбекке қабілетті жастағы

адамдардың шамамен 15%-ында психикалық бұзылулар болған. Осы себепті әлем елдері жыл сайын 12 миллиард еңбек күнін жоғалтады. Бұл жылына 1 трлн АҚШ доллары көлеміндегі өндірістік шығындарды білдіреді.

Сарапшылардың пікірінше, қауіпсіз және саламатты еңбек жағдайларын құру психикалық бұзылулар мен психологиялық аурулардың даму ықтималдығын азайтуға көмектеседі.

Денсаулық сақтау министрлігі Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ұсынған менталдық денсаулық саласындағы озық әлемдік практикаларды ұдайы негізде зерделейді, содан кейін біздің елімізде енгізіледі. Бүгінгі таңда елде екі республикалық ұйым, 20 өңірлік және 79 бастапқы психикалық денсаулық орталығы, қалалық емханалар деңгейінде 205 психикалық денсаулық кабинеті жұмыс істейді. Кез келген адам тұрғылықты жері бойынша емханадағы психолог маманнан кеңес алады.

Өз тілшімізден

• АКЦИЯ

Есірткіге ел қарсы

Теміртау қаласы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі осындағы полиция басқармасымен бірлесіп, «Нашақорлықтың алдын алу бойынша шаралар кешені» аясында акция өткізді.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Бұл акцияға полиция қызметкерлері, «Жастар ресурстық орталығы» КММ, «Шаңырақ» орталығының волонтерлері, сондай-ақ, жоғары оқу орны мен колледждердің студенттері, барлығы мыңға тарта адам қатысты.

Жиналғандар алдында Теміртау қаласы әкімінің орынбасары Самат Зияшев сөз сөйлеп: «Өткізіліп отырған іс-шараның мақсаты – нашақорлықтың таралуымен күресу, онымен тұрғын-

дарды хабардар етіп, есірткіге қарсы төзгісіз жағдайды, қауіпсіздікті қалыптастыру, – деді.

Акция барысында оған қатысушылар жұрт арасында түсінік жұмыстарын жүргізіп, ол қаланың орталық көшелерінен басталып, негізгі тұрғын аудандарды қамтыды.

ТЕМІРТАУ

Сурет ұйымдастырушылардан

• ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

Кішкентай жақсылықтан – таудай қуаныш

Жақсылықтың үлкен-кішісі болмайды. Және оны кімнің қалай жасағаны да маңызды емес. Мәселен, №32 түзеу мекемесіндегі жазасын өтеушілер жыл сайын тұрақты түрде атаулы күндерде өз шеберханаларында жасаған бұйымдарын сыйлық ретінде тарту етеді. Биыл әйелдер колониясында жазасын өтеп жатқандар Абай ауданындағы мүгедек жандарға қуаныш сыйлады.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

15 қазан – Халықаралық «Ақ таяқ» күні. Осы күні көру қабілеті нашар, немесе, көру қабілетінен айырылған зағип жандарға әдеттегі күндерден ерекше қамқорлық жасалады. Міне, осы күн қарсаңында әйелдер колониясында жазасын өтеушілер Абай ауданындағы зағип жандарға ою-өрнекпен безендірілген бұйымдарды, кенеппен салынған картиналарды, тоқылған киім-кешектерді сыйлады. Мұндағы

«Әділет» мүмкіндігі шектеулі жандар қауымдастығының қарауында тек зағип жандар ғана емес, тірек-қимыл аппараты бұзылған, бала кезінен мүгедектікке шалдыққан жандар да бар.

Қайырымды жандардың жақсылығына мүмкіндігі шектеулі жандардың қауымдастығының өкілдері алғысын жаудырды.

– Жақсылық жасау – адам баласының ең құнды қасиеті. Қолыңнан келгенше адамды қуанта алсаң, нағыз бақыт сол деп ойлаймын. Сіздер тарту еткен сыйлық жүректерге үлкен шаттық әкелгеніне күмәнім жоқ. Сіздерге



шығармашылық табыс тілеймін! Қашан да тілеулеріңізді тілеп отырамыз! Тек жақсылықта жүздессейікші! – деді «Әділет» мүмкіндігі

шектеулі жандар қауымдастығының өкілі Надежда Салфетникова.

Сурет ұйымдастырушылардан

• БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

Бала жанының бағбаны

«Бақыт» бөбекжайы – балалардың бақытты мекені. Бөбекжай жаңа кезеңде білім берудің өзекті мәселесі – жас ұрпаққа адамгершілік-рухани тәрбие беріп, ұлттық құндылықтарымызды дәріптеп, рухани бай тұлғаны қалыптастыруды көздейді.



Тәуелсіз елдің ұрпағын лайықты тәрбиелеу – міндет. Осы орайда әрбір тәрбиеші жанын салады. Әрқайсының еңбегі құрметке лайық.

Ахмет Байтұрсынұлы «Балам дейтін ел болмаса, елім дейтін бала қайдан болсын?!» деген.

Тәрбиешінің әр күні ізденіспен, ертенгі азаматты қалыптастыру жауапкершілігімен ұштасып жатады. Бұл мамандықты осы жолда еңбек етіп жүрген жандар ғана жақсы түсінеді.

Біздің ұжым үшін жаңа 2024-2025 оқу жылы жағымды жаңа-

лықтармен басталды. Балабақшадағы тәрбиеші, бала жанын тереңнен сезінетін Джамия Кенесқызы – өз ісінің шебері, 40 жыл бөбекжайда қызмет атқарып келеді. Өткен жылы әріптесіміз облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталса, биылғы Ұстаздар

күні қарсаңында облыс әкімі 20 жыл бойы пәтер кезегінде тұрған бөбекжайымыздың аға тәрбиешісіне «Таугұл» шағын ауданынан 2 бөлмелі пәтер сыйлады. Балаларды білім нәрімен суусындатып, тәлім-тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде тәрбиешінің еңбегі зор. Еңбектеген баладан, еңкейген қарияға дейін ұстаздардың адалдығына бас иеді. Джамия апайымыз бүгінде отбасында бақытты әже. Білім беру саласындағы еңбегінің жемісін бүгінгі күні көріп отыр.

Жаңашылдық пен оқу-тәрбие ісін үлкен шеберлікпен жүйелі түрде жүргізе білетін, ортақ мақсатқа жұмылып, білімі мен тәжірибесін үйретуден жалықпайтын осынау ұлағат иелеріне деген құрмет күн санап арта берсін. Тәуелсіз қазақ елінің дамуына қосып келе жатқан еңбектеріңіз жемісті, жетістіктеріңіз көп болсын.

З.НЫҒЫМЕТОВА,
«Бақыт» бөбекжайының директоры

• ЖОБА

Сұлулық нарығындағы стартап

Қарағанды индустриалды университетінің студенттері өсімдік сығындылары негізінде биологиялық белсенді коспалар, косметика, сабын, тіпті, компьютер жасайды. Олар өздерінің стартаптарын химиялық технология және экология кафедрасындағы зертханасы арқылы жүзеге асырып отыр. Бұл туралы Қарағанды индустриалды университетінің баспасөз қызметі хабарлады.

Былтыр студенттерді дамыту байқауында болашақ фармацевтердің екі жобасы ерекше аталып, назарға іліккен болатын.

– Біріншісі – жүзім тұқымының сығындысы негізінде шаш күтіміне арналған өнімдер алу. Бұл – сусабандар, бальзамдар, майлар. Екіншісі – денеге түрлі әсер беретін сабын. Ол – қуаттандырады, ылғалдандырады, нәрлендіреді. Бұл идеялар кездейсоқ емес. Осы бағытта студенттер маркетингтік зерттеулер жасады. Жергілікті дүкен сөрелерінде қандай өнімдер бар екенін талдады. Соның нәтижесінде Қазақстанда өндірілетін косметиканың аздығы белгілі болды. Бірақ, Қазақстан өсімдік шикізатына бай, одан экстракция әдісімен көптеген пайдалы заттарды алуға мүмкіндік мол, – дейді кафедра

менгерушісі Сәуле Қабиева.

Қазіргі уақытта медицина ғылымдарының докторы, профессор Сәуле Жаутиқованың ұсынысымен зертханада селен негізіндегі коспаларды дайындау жобасы іске асырылуда. Бұл микроэлементтер иммуномодуляторларға, вирусқа, қабынуға қарсы және антиоксиданттарға жатады, жасушалардың жойылуына жол бермейді.

– Жақында Балқашта 99,9% құрайтын таза селен алу цехы ашылды. Біз оны да пайдалана аламыз, – дейді Сәуле Жаутиқова. – Диеталық коспаларды алу үшін біз бұршақ өсімдіктерін алуға шештік. Бір жарым ай бойы оларды селен тұздарының ерітіндісімен суардық. Әрі қарай, көшеттер ұнтақталды, олардың құрамындағы пайдалы микро-



Сурет облыс әкімінің сайттарынан

элементтердің пайызы анықталды. Біз бүкіл технологиялық циклды зертханадан шықпай-ақ жүргіземіз. Бізде таблетка жасайтын сығымдағыш та бар.

Сонымен қатар, студенттер майлар мен коспалар, кампиптер мен оттегі коктейльдері, бактерияға қарсы пленка және емдік

патчтар жасауды үйренді. Өзірге барлық өнімдер аз мөлшерде, дегенмен, университеттің жоспарында сериялық өндірісті жолға қою жоспары бар. Бұл орайда олар гранттық қаржыландыруға үміт артады.

Өз тілшімізден

ТОО «AlemGaz» уведомляет потребителей, о повышении предельной цены на услуги розничной реализации сжиженного емкостного газа через ГРУ с 01 ноября 2024 г. в соответствии с п. 16 «Правил ценообразования на общественно значимых рынках» утвержденных Приказом Министерства Национальной экономики РК от 01.02.2017 г. №36. Цена на услуги розничной реализации сжиженного емкостного газа через ГРУ за 1 кг составит 264,35 тенге без НДС и 296,07 тенге с НДС. Основание: Мотивированное заключение № 31-03-07/1846-И от 11.10.2024 г. Департамента Комитета по регулированию естественных монополий Министерства Национальной экономики РК по Карагандинской области.

№273

43-21-55

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны



Электрондық пошта:
ortalyk.kaz@mail.ru



• СӘКЕН СЕЙФУЛЛИННИҢ ТУҒАНЫНА – 130 ЖЫЛ

Сұңқар Сәкен жырларынан нәр алып...

Рухты ақынның жырлары ұлттық рухты қуаттайтыны анық. Әсіресе, қазақ жыршының сұңқары Сәкен Сейфуллиннің мұрасы – жас буынның кеудесінде отан-сүйіштік қасиетті оятатын құнды байлық. Осыны мақсат тұтқан Қазақстан халқы Ассамблеясы облыстық ішкі саясат басқармасының қолдауымен Достық үйінде «Сырлы Сәкен» атты әдеби байқау ұйымдастырды. Оған өзге этнос өкілдері қатысты. Сырбаз Сәкен жыр оқылып, әні әуелді.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Сырлы Сәкен» байқауы екі аталым бойынша өтті. «Сәкеннің сыр сандығы» деп аталған аталымда ақынның өлеңдері оқылды. Бұнда 18 үміткер тіркеліпті. Шарт бойынша үміткерлер Сәкен Сей-



фуллиннің өлеңдерін жатқа мәнерлеп оқуы тиіс. Қазылар алқасы қатысушының жаттаған өлеңдерінің санына да баса мән береді. Сахна мәдениеті де назарда. «Сәкен сері әндері» аталымында бағын сынауға 6 үміткер келіпті. Бұл аталымда сазгер Сәкеннің әндері шырқалады. «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» атағын Мемлекет басшы-

сы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолымен алған ұлағатты ұстаз Күліш Төлеуханова қазылар алқасының төрағасы.

– 1970 жылы Сәкен Сейфуллиннің «Аққудың айрылуы» поэмасын мәнерлеп оқып, республикалық байқауда лауреат болдым. Содан бері менің ақынға деген құрметім ерекше. Содан кейін Сәкен рухын өз шәкірт-



терімнің бойына сіңіру жолында еңбек еттім. Ақынның 125 жылдығында Сәкентанушы Түрсынбек Кәкішевтің жұбайы Күләш апай өңірімізге келген еді. Сонда түрлі этностардан іріктелген 7 оқушыма Сәкен Сейфуллиннің

өлеңдерін оқыттым. Сонда апайымыз сахнаға шығып, көзіне қуаныштан жас алған еді. Түсінген адамға бұл – зор қуаныш! Сәкен бабамның бойына Жаратқан барлық асыл қасиетті үйіп берген гой, шіркін! Сәкендей бір

ер туса, қазағымның жұлдызы бұдан да жап-жарық болары сөзсіз. Бүгінгі байқаудың жөні бөлек. Қазақстан топырағын «Атамекенім» деген өзге этнос өкілдері нағыз қазақы болмысты, дауысты осындай байқаулар арқылы сезінеді, – деді Күліш Төлеуханова.

Байқаудың қорытындысы бойынша «Сәкеннің сыр сандығы» аталымында жүлделі ІІІ орынды Виктория Естеренская иеленді. Ал, Надежда Туткина «Сәкен сері әндері» аталымындағы ІІІ орынды қанжығалады. Дилек Тулум «Сәкеннің сыр сандығынан» ІІ орынды, «Сәкен сері әндерінің» ІІ орынды Мария Григорьевна иешіледі. Ақын Сәкеннің өлеңдерін оқуда Анастасия Ткаченко қазылар алқасынан көп ұпай алып, І орыннан көрінді. Ән аталымында Виктория Оленина қара үзді.

Жүлдегерлерге дипломдар мен қаржылай сыйлықтар табысталды.

Суреттерді түсірген
Александр МАРЧЕНКО

• ЖЕТІ ҚАЗЫНА

«Көкқасқа» – көптің көзайымы

Бұрындары жүйрік аттардың бәйгесі өтті дегенді ғана еститін едік. Бұл күнде ең жүйрік, тұрпатты тазылар да анықталып жатыр. Мәселен, «Asyl qazuна» федерациясы ұйымдастырған республикалық тазылар турнирінде «Көк қасқа» деген лақап аты бар Шет ауданының тазысы «Ең сұлу тазы» аталымын иеленді.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл додадаға «Басар» деген лақап атқа ие Қарқаралы ауданының да тазы иті қатысқан еді. Өкінішке қарай, доданы сарқыты тек біреуіне ғана бұйырды. Федерацияның бас төрешісі Елдос Кәрімжанов «Халқымыз аса қастерлейтін асыл тұқымды иттерге осыншалық көңіл бөлініп жатқаны – көңілге қуаныш ұялатады», – деп отыр.

– Осындай жарыстар жоғары деңгейде өтіп жатқаны қуантады. Басқа облыстарда тек аймақтық деңгейде жарыстар ұйымдастырылады. Оған тек 30-40 тазы ғана қатысады. Ал, Қарағанды облысында әуелі аудандық деңгейде іріктеу өткізеді. Сосын, облыстық деңгейде үздіктер анықталады. Мұнда тазы иттердің саны жүз елуден асып жығылады. Сол себепті де, қарағандылық әріптестерімің жұмысын жоғары бағалаймын, – деді «Asyl qazuна» федерациясының бас төрешісі Елдос Кәрімжанов.

Елдос Кәрімжанов «Asyl qazuна» федерациясымен бірге маңызды мақсатқа жету жолында жүр. Ол халықаралық кинология федерациясының (FCI) бас комитетіне қазақтың тазы итін (Kazakh Tazy) ресми ит тұқымы етіп тіркеу үшін тапшыауда.

«Көк қасқаның» иесі – Қуаныш Совет-

тов. Ол бала кезінен бері ит жүгіртпін келеді екен.

– Мұндай жарыстарға қатысып қана қоймай, олжалы болу – мен үшін зор мақтаным! Қуанышымда шек жоқ! Кілең жүйрік тазылардың арасында «Көк қасқа» көзге түсті. Сәттілік серік болды, – деді Қуаныш Советов.

– Біз биыл жүлделі орындарға іліге алмадық. Дегенмен, мол тәжірибе алдық. Аймағымыздың тазы «Ең сұлу тазы» деп мойындалып жатыр. Осының өзі біз үшін жетістік, әлбетте. Нұрәулет Мырзақанов есімді ағаммен бірге 2018 жылдан бері «Asyl qazuна» республикалық тазы федерациясына қатысып келеміз және қатысушыларымызбен бірге жүреміз. Өйткені, біреулері алғаш рет қатысып отыр. Тәжірибелері жоқ. Ең бастысы – еліміздің тәжірибелі итбегілерімен қарым-қатынас орнату, – деді «Қарағанды облысының құмай тазы және төбет иттер федерациясы» қоғамдық бірлестігінің басшысы Жанболат Омар.

2018 жылы өткен «Asyl qazuна» тазы федерациясының республикалық деңгейдегі алғашқы жарысында Қарағандыдан келген «Сары қасқа» лақап атымен танылған тазы бірінші орынды иеленген еді.

Сурет ұйымдастырушылардан

• ГРЕПЛИНГ

Қоржын медальға толды

Қарағандылық спортшылар жеңіс тұғырынан көрінді. Астанада өткен греплингтен әлем чемпионатында жерлестеріміз екі күміс және алты қола медальға қол жеткізді. Байрақты бәсекеге 30 елден 1800 спортшы қатысқан. Балуандар арасында 218 салмақ дәрежесінде 872 медаль сарапқа салынған еді.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Әлем чемпионатында Қазақстан құрамасының спортшылары U15, U17 және U20 жас санатында атой салды. Қоржынға жалпы саны 88 медаль түсті. Соның он алтысы – алтын.

Қазақстан жастар құрамасы үшін бұл ең мәртебелі дода болды. Астанада сәтті өнер көрсеткеннен кейін команда көшбасшылықты сақтап қалды. Ересектер арасындағы жарыстың соңғы күнінде де Қазақстан құрамасы жалпы командалық есепте бірінші орынды иеленді. Біздің спортшылар 13 медаль (төрт алтын) жеңіп алды. Үздік үштікке Польша мен АҚШ командалары да кірді.

Қарағандылықтар да ерекшеленді. Варвара Шкурюпат пен Сергей Тымчен-



кода екі-екі медальдан тағынды. Біреуі – қола, біреуі – күміс. Үшінші орынды Дмитрий Романенко, Мадияр Серікбай, Мақсат Ибрагимов және Владимир Шмаргалев иеленді.

– Біздің команда керемет нәтиже көрсетті деп санаймын. Осындай ауқымды

біріншілікте және үлкен бәсекелестікте сегіз медаль жеңгеніміз өте жақсы көрсеткіш! – деді Қарағанды греплинг федерациясының басшысы және аға жаттықтырушы Вадим Брамонтков.

Сурет облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасынан

• ЧЕМПИОНАТ

Самарқандта жарқыраған саңлақтар

Өзбекстанның Самарқанд қаласында ескек есуден Азия чемпионаты өтті. Ел намысын қорғаған Ұлттық құраманың сапында қарағандылық спортшылар да бар. Олар 13 елден келген 300 спортшының арасында жоғарғы нәтиже көрсетіп, алты медаль ұтып алды.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Азия чемпионатында бұл спорт түрінен үздік нәтиже көрсете алатын, фаворит саналатын бірнеше ұлттық құрама бар. Олар – Вьетнам, Қытай, Тайланд және Өзбекстан.

Фавориттер арасында Теміртау қаласындағы ескек есу мектебінің және Ә.Молдағұлова атындағы мектеп-интернат-колледжінің, жоғары спорт шеберлігі мектебінің өкілдері алты медаль жеңіп алды. Варвара Белоногова мен Тамара Первушкина «сегіздік» және «төрттік» сапында екінші және үшінші орындарға ие болды. Ал, Ирина Чудина квартетте күміс алды. Ерлер арасындағы жалғыз жүлдегер – Алексей Красновский. Ол қола тағынды.

– Бұл медальдар – құрама үшін өте



құнды. Бәсекелестік пен адал күресте алынған олжамыз. Біздің қыздар экипаждардың, бүкіл құраманың қуатын күшейтті, – деп атап өтті Қарағанды об-

лысының академиялық есу бойынша аға жаттықтырушысы Владимир Белоногов.

Сурет облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасынан

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор –
Қайрат Жүнісұлы
ӘБІЛДИ
Директордың орынбасары –
Оксана Вячеславовна
МЯГКОВНА

Бас редактор –
Е.К. МУСАБЕК
Бас редактордың орынбасары –
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы –
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы –
Е. КЕЧЕСБЕКҰЛЫ

Телефондар:
Бас редактор: 43-35-37
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Призерскс: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Оскараров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шақтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген (R)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № К218ВРУ00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJВKZKX БИН 000840001412

Таралымы 4 230

№ 117 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Кәлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сатбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Ерік НАРЫН